

gorenje


Life Simplified



ШАЙНЕК

K 17CLIN

SI	HR / BIH	SRB / BIH / MNE	MK	GB	BG
PL	RO	SK	CZ	HU	UA
RU	DE	FR	SQ		





SI - 3 -	HR / BIH - 5 -	SRB / BIH / MNE - 7 -	MK - 9 -	GB - 11 -	BG - 13 -	PL - 15 -	RO - 17 -	SK - 19 -	CZ - 21 -
HU - 23 -	UA - 25 -	RU - 27 -	DE - 29 -	FR - 33 -	SQ - 35 -				

-
- | | | |
|--------------------------------|----------------------------|---------|
| ❶ Қақпақ | ❷ Тұғыр | ❸ Шүмек |
| ❹ Қосу/өшіру ауыстырып қосқышы | ❺ Желілік аша | |
| | ❻ Су деңгейінің индикаторы | |
-

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУЛЕР

Аспапты дұрыс қолдану үшін нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Нұсқаулықты міндетті түрде сақтаңыз және аспапты жаңа иегеріне берген кезде нұсқаулықты да беруге ұмытпаңыз.// Жалғар алдында аспапта көрсетілген кернеудің желідегі нақты параметрлерге сәйкес келетіндігін тексеріп алу қажет.// Шәйнекті жеткізу жиынтығына кіретін тұғырмен бірге қолданыңыз.// Тұғыр мен шәйнекті тек құрғақ, тегіс және тұрақты бетке қойыңыз.// Бұл аспапты 8 жастан асқан балалар; физикалық, ақыл-ой және сезіну қабілеттері шектелген адамдар; құрылғымен жұмыс жасау тәжірибесі жоқ және оны қалдай қолдану керегін білмейтін адамдар қауіпсіз қолдануды және онымен байланысты қауіптерді қамтамасыз ететін адамның бақылауымен және басшылығымен ғана қолдана алады.// Балалардың аспаппен ойнамауын қадағалаңыз.// Тазалауды және қызмет көрсетуді 8 жасқа толмаған балалар орындамауы не болмаса ересектердің бақылауымен жасауы тиіс.// Шәйнекке және желілік кабельге балалардың қолы жетпеуі тиіс. Желілік кабельдің шәйнек орнатылған үстелдің немесе жұмыс бетінің жиегінен салбырап тұрмауын қадағалаңыз. Кабельдің артығын кабельді сақтауға арналған бөліктің ішінде сақтауға немесе шәйнек тұғырына орап қоюға болады.// Желілік шнур, шәйнек тұғыры және шәйнектің өзі ыстық беттерден жеткілікті қашықтықта орналасуы тиіс.

Егер желілік кабель, аша, шәйнек тұғыры немесе шәйнектің өзі бүлінген болса, оны шәйнекті қолданбаңыз.// Бүлінген желілік кабельді ауыстыруды авторлық құқығы бар сервис орталығының маманы ғана орындай алады. // Шәйнекті және оның тұғырын суға және басқа да сұйықтықтарға батыруға тыйым салынады. // Шәйнек тек су қайнатуға ғана арналған. Оны сорпаны немесе басқа да сұйықтықтарды, сонымен қатар консервіленген тағамдарды ысыту үшін қолданбаңыз.//

Қайнаған су кюге себеп болуы мүмкін. Абай болыңыз!! Шәйнекке суды максималды деңгейден жоғары кюға тыйым салынады. Әйтпесе қайнап жатқан су мұрнынан шашырауы мүмкін, бұл ретте күйіп қалуыңыз мүмкін.// Қызып тұрған шәйнектің қақпағын ашуға тыйым салынады. Егер қақпақты шәйнек қайнағаннан кейін бірден ашсаңыз, аса сақ болыңыз: шәйнектен шығатын бу өте ыстық.// Қызу кезінде және кейін шәйнек корпусына қолыңызды тигізбеңіз: ол өте ыстық.// Шәйнекті ұстаған кезде тек сабынан ұстаңыз.// Шәйнекте ең болмағанда минималды су мөлшерінің болуын қадағалаңыз, әйтпесе ол толықтай буланып кетуі мүмкін. Шәйнекті сусыз қоспаңыз.// Электрлік шәйнек негізінде конденсат түзілуі мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс, бұл оның жұмысындағы ақауды білдірмейді. Егер кермек су қолданылатын болса, онда қыздырғыш элемент пен шәйнектің ішкі беттерінде аз ғана дақтар пайда болуы мүмкін.// Бұл қақтың пайда болуының нәтижесі. Су қаншалықты кермек болса, қақ та соғұрлым жылдам пайда болады. Қақтың түсі әртүрлі болуы мүмкін. Қақ денсаулық үшін зиянсыз болғанымен, ол шәйнек жұмысына теріс әсер етуі мүмкін. «Қақтан тазалау» бөлімінде сипатталғандай, шәйнекті қақтан жүйелі түрде тазалап тұрыңыз.

Бұл жабдық Электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтары туралы 2012/19/EU еуропа деректемесіне сәйкес таңбаланған (Waste Electrical and Electronic Equipment – WEEE). Осы директива барлық ЕО елдерінде қолданылатын электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтарын жинау және кәдеге жарату бойынша талаптарды анықтайды.

Электромагнитті өрістер (ЭМӨ)

Бұл Gorenje аспабы электромагнитті өрістер жөніндегі стандарттарға сәйкес келеді. Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес аспапты дұрыс қолданған кезде заманауи ғылыми деректерге сәйкес аспапты қолдану қауіпсіз..

Қорғайтын өшіру

Шәйнек бос шәйнекті қосудан қорғау құрылғысымен жабдықталған. Егер құрылғыда су жеткіліксіз болса немесе ол толықтай бос болса, шәйнекті қосуға әрекет жасаған кезде құрылғы автоматты түрде іске қосылады. Аспап суығанша 15 минут күтіңіз. Осы уақыт ішінде аспап баптауларды автоматты түрде әдепкі қалпына келтіреді. Шәйнекті алып, оған салқын су құйыңыз. Енді аспап қайтадан жұмыс жасауға дайын.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмаңыз. Оны одан әрі жою үшін мамандандырылған жерге жіберіңіз. Осылайша қоршаған ортаны қорғауға көмектесесіз.

КЕПІЛДІК ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Қосымша ақпарат алу үшін немесе қандай да бір мәселелер туындаған жағдайда өз еліңіздегі Сатып алушыларды қолдау қызметіне хабарласыңыз (орталық телефонының нөмірі кепілдік талонында көрсетілген). Егер мұндай орталық еліңізде болмаса, жергілікті Gorenje сауда ұйымына немесе Gorenje Domestic Appliances компаниясының сатып алушыларды қолдау бөліміне хабарласыңыз. Авторлық құқығы бар сервис орталықтарының мекенжайлары мен телефон нөмірлері “Кепілді міндеттемелер” кітапшасында немесе кепілдік талонында көрсетілген.

**Тек үйде қолдануға арналған!
Өндіруші өзгерістер енгізуге құқылы!**

Импорттаушы: «Горенье БТ» ЖШҚ, 119180, Мәскеу, Якиманская жағ., 4, 1-құр.



GORENJE
АСПАПТЫ АСҚАН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚПЕН ҚОЛДАНУЫҢЫЗДЫ
ТІЛЕЙМІЗ!

gorenje
Life Simplified